

"Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Жай операциялар) (ОАӨӘЫ 1 және 6-дәліздерін қосатын "Ақтөбе - Мақат" автомобиль жолын реконструкциялау жөніндегі жоба) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 ақпандығы № 58 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Жай операциялар) (ОАӨӘЫ 1 және 6-дәліздерін қосатын "Ақтөбе – Мақат" автомобиль жолын реконструкциялау жөніндегі жоба) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сагынтаев

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Жай операциялар) (ОАӨӘЫ 1 және 6-дәліздерін қосатын "Ақтөбе – Мақат" автомобиль жолын реконструкциялау жөніндегі жоба) ратификациялау туралы

2016 жылғы 7 желтоқсанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісім (Жай операциялар) (ОАӨӘЫ 1 және 6-дәліздерін қосатын "Ақтөбе – Мақат" автомобиль жолын реконструкциялау жөніндегі жоба) ратификацияланын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

ҚАРЫЗ НӨМІРІ 3416 - KAZ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ мен АЗИЯ ДАМУ БАНКІ арасындағы ҚАРЫЗ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ (Жай операциялар) (ОАӨӘЫ 1 және 6-дәліздерін қосатын "Ақтөбе-Мақат" автомобиль жолын реконструкциялау жөніндегі жоба) 2016 жылғы 7 желтоқсан

KAZ 48424 ҚАРЫЗ

ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ (Жай операциялар)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ (бұдан әрі "Қарыз алушы" деп аталады) мен АЗИЯ ДАМУ БАНКІ (бұдан әрі "АДБ" деп аталады) арасындағы 2016 жылғы 7 желтоқсандағы ҚАРЫЗ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ.

ТӨМЕНДЕГІНІ НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП,

(А) Қарыз алушы осы Қарыз туралы келісімге 1-қосымшада сипатталған Жобаны іске асыру үшін қарыз беру туралы өтінішпен АДБ-га жүгінді; және

(В) АДБ Қарыз алушыға осы құжатта жазылған шарттармен АДБ-ның жай капитал ресурстарынан қарыз беруге келісті;

ЖОҒАРЫДА ЖАЗЫЛҒАНДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, осы Келісімнің тараптары төмендегілер туралы уағдаласты:

I БАП Қарыз беру қағидалары; Анықтамалар

1.01-бөлім. 2001 жылғы 1 шілдедегі АДБ-ның Жай капитал ресурстарынан бөлінетін Лондон банкаралық мөлшерлемесі бойынша қарыздарға қолданылатын Жай операциялар үшін қарыз беру қағидаларының (бұдан әрі "Қарыз беру қағидалары" деп аталады) барлық ережелері осы Қарыз туралы келісімге олар осы Келісімнің мәтінінде толығымен жазылғандай күшінде және қолданысында, алайда төмендегі өзгерістерді сақтай отырып, қолданылатын болып есептеледі:

(а) 3.03-бөлім алып тасталды және төмендегімен ауыстырылды:

Резервке қойғаны үшін комиссия; Кредит. Өтеу мерзімі үшін сыйлықақы.

(а) Қарыз алушы Қарыздың талап етілмеген сомасы бойынша резервке қойғаны үшін Қарыз туралы келісімде көзделген мөлшерлеме мен шарттар бойынша комиссия төлейді.

(б) АДБ Қарыз алушыға осы Қарыз туралы келісімде көзделген мөлшерлеме бойынша кредит береді, бұл ретте мұндай кредит Қарыз мерзімнің сонына дейін тіркелген болып қалады. АДБ Қарыз алушының төлеуіне жататын пайыздарға қатысты кредиттің сомасын қолдануға міндеттенеді.

(с) Қарыз алушы Қарыз туралы келісімде көзделген мөлшерлеме бойынша өтеу мерзімі үшін сыйлықақы төлейді, бұл ретте өтеу мерзімі үшін сыйлықақы Қарыз мерзімнің сонына дейін тіркелген болып қалады. АДБ өтеу мерзімі үшін сыйлықақыны Қарыз алушының төлеуіне жататын пайыздық мөлшерлемеге қосады.

(б) 3.06-бөлім алып тасталды және төмендегімен ауыстырылды:

Өтем. (а) Жаңа қарыздарға қолданылатын тіркелген спредтің төмендетілетіні туралы АДБ-ның әрбір хабарламасынан кейін, АДБ негұрлым жоғары тіркелген спред қолданылатын, өтелмеген қарызы бар әрбір Қарыз алушыға өтем береді. Өтем сомасы өтелмеген қарызға қолданылатын тіркелген спред пен жаңа қарыздарға (жылдық пайыздық мән түрінде көрсетілген) қолданылатын тіркелген спред арасындағы айырманы (i) жаңа қарыздарға қолданылатын, төмендетілген тіркелген спред күшіне енген күннен бастап және одан кейін барлық пайыздық кезеңдер ішінде Қарыз алушы пайыздарды төлейтін, өтелмеген (ii) қарыздың негізгі сомасына көбейту жолымен айқындалатын болады.

(b) Қарыздың кез келген валютасына (немесе бекітілген валютаға) қатысты өзінің қаржыландыру құнының маржасын есептеулері кез келген жартыжылдықта АДБ-ның қаражатын үнемдеуге әкелгені туралы АДБ-ның әрбір хабарламасынан кейін АДБ Қарыз алушыға өтем береді. Өтем сомасы (i) қаржыландыру құнының маржасын (жылдық пайыздық мән түрінде көрсетілген) Қарыз алушы қаржыландыру құнының маржасы есептелген жартыжылдықтан кейін тікелей басталатын пайыздық кезең ішінде пайыздарды төлейтін (ii) қарыздың негізгі сомасына көбейту жолымен айқындалатын болады. АДБ Қарыз алушы үшін қаржыландыру құнының маржасы есептелген жартыжылдықтан кейін дереу басталатын пайыздық кезең ішінде оның төлеуіне жататын пайыздарға өтем сомасын қолдануға міндеттенеді.

(c) 3.07-бөлім алып тасталды және төмендегімен ауыстырылды:

Қосымша сома. (a) Жаңа қарыздарға қолданылатын тіркелген спредтің ұлғаятыны туралы АДБ-ның әрбір хабарламасынан кейін неғұрлым төмен тіркелген спред қолданылатын, өтелмеген қарызы бар әрбір Қарыз алушы АДБ-ға қосымша сома төлейді. Осы қосымша соманың мөлшері жаңа қарыздарға қолданылатын (i) тіркелген спред пен өтелмеген қарызға (жылдық пайыздық мән түрінде көрсетілген) қолданылатын тіркелген спред арасындағы айырмасы өтелмеген (ii) қарыздың негізгі сомасына көбейту жолымен айқындалатын болады, ол бойынша Қарыз алушы жаңа қарыздарға қолданылатын, көтерінкі тіркелген спред күшіне енген күннен бастап және одан кейінгі барлық пайыздық кезеңдер ішінде пайыздарды төлейді.

(b) Қарыздың кез келген валютасына (немесе бекітілген валютаға) қатысты өзінің қаржыландыру құнының маржасын есептеулері кез келген жартыжылдықта АДБ шеккен қосымша шығындарға әкеп соққаны туралы АДБ-ның әрбір хабарламасынан кейін Қарыз алушы АДБ-ға қосымша сома төлейді. Осы қосымша соманың мөлшері (i) қаржыландыру құнының маржасын (жылдық пайыздық мән түрінде) Қарыздың негізгі сомасына (ii) көбейту жолымен айқындалатын болады, ол бойынша Қарыз алушы қаржыландыру құнының маржасы есептелген жартыжылдықтан кейін дереу басталатын пайыздық кезең ішінде пайыздарды төлейді. АДБ қосымша ақы төлеу мөлшерін қаржыландыру құнының маржасы есептелген жартыжылдықтан кейін дереу басталатын пайыздық кезең ішінде Қарыз алушының төлеуіне жататын пайыздарға қосуға міндеттенеді.

1.02-бөлім. Қарыз беру қағидаларында анықтама берілген мына терминдер, егер мәннәтін бойынша өзгеше талап етілмесе, осы Қарыз туралы келісімде қолданылған әрбір жағдайда оларда жазылған тиісті мағынаға ие болады. Осы Қарыз туралы келісімде пайдаланылатын қосымша терминдердің төмендегідей мәні бар:

(a) "ОАӘӘЫ" Орталық Азия Өнірлік Экономикалық Ұнтымақтастығын білдіреді;

(b) "Консалтингтік көрсетілетін қызметтерді тарту жөніндегі нұсқама" Азия Даму Банкі мен оның Қарыз алушыларының консультанттарды пайдалануы жөніндегі нұсқаманы (2013 жыл, кезең сайынғы түзетулерімен) білдіреді;

(с) "Консалтингтік көрсетілетін қызметтер" осы Қарыз туралы келісімнің 1-қосымшасының 2 (с) (ii) және (iii) тармағында сипатталғандай, Қарыз қаражатынан қаржыландырылып көрсетілетін қызметтерді білдіреді;

(д) "ҚОБЖ" Жоба бойынша қоршаған ортаны басқару жоспарын, оның ішінде Алдын ала экологиялық бағалауға (АЭБ) енгізілген, оған кез келген толықтыруларды білдіреді;

(е) "Қоршаған орта саласындағы қорғау шаралары" АДБ-ның қорғау шаралары жөніндегі саясатының (ҚШС) V тарауында, 1 және 4-қосымшаларында (егер қолдануға болатын болса) жазылған қағидаттар мен талаптарды білдіреді;

(ф) "Тауарлар" тасымалдау, сактандыру, монтаждау, пайдалануға беру, оқыту және бастапқы техникалық қызмет көрсету сияқты қосымша қызметтерді қоса алғанда, Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын жабдықтар мен материалдарды білдіреді, бірақ Консалтингтік көрсетілетін қызметтер бұған кірмейді;

(г) "АЭБ" оған енгізілетін кез келген өзгерістерді қоса алғанда, Қарыз алушы дайында, ИДМ арқылы ұсынған және АДБ макұлдаған, жоба бойынша алдын ала экологиялық бағалауды білдіреді;

(х) "Мәжбүрлеп қоныс аудару саласындағы қорғау шаралары" ҚШС-ның (егер қолдануға болатын болса) V тарауында, 2 және 4-қосымшаларында жазылған қағидаттар мен талаптарды білдіреді;

(и) "Қазавтожол" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 ақпандағы № 79 (2013 жылғы 21 тамыздағы түзетулермен) қаулысына сәйкес құрылған "ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын немесе оның кез келген құқық мирасқорын білдіреді;

(ж) "ЖСҚЖ" оған енгізілетін кез келген өзгерістерді қоса алғанда, Қарыз алушы дайында, ИДМ арқылы ұсынған және АДБ макұлдаған, жоба үшін жерді сатып алу және қоныс аудару жоспарын білдіреді;

(к) "Кредит қаражатын жұмсау жөніндегі анықтамалық" АДБ-ның қарыз қаражатын игеру жөніндегі (2015 жылғы, кезең сайынғы түзетулерімен) анықтамалығын білдіреді;

(л) "ИДМ" – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігін немесе Жобаны іске асыруға жауап беретін оның кез келген құқық мирасқорын білдіреді;

(м) "ТӘН" 2016 жылғы 1 шілдедегі Қарыз алушы мен АДБ арасында ИДМ арқылы келісілген, Қарыз алушы мен АДБ-ның тиісті рәсімдеріне сәйкес кезең сайынғы енгізілетін өзгерістері бар Жоба тетігін әкімшілендіру жөніндегі нұсқаманы білдіреді;

(н) "Сатып алу жөніндегі нұсқама" АДБ-ның сатып алу жөніндегі (2015 жылғы, кезең сайынғы түзетулерімен) нұсқамасын білдіреді;

(о) "Сатып алу жоспары" Қарыз алушы мен АДБ арасында ИДМ арқылы келісілген, Сатып алу жөніндегі нұсқамаға, Консультациялық қызметтер көрсетуді тарту жөніндегі нұсқамаға және АДБ-мен келісілген басқа да іс-шараларға сәйкес кезең сайынғы

өзгерістері бар 2016 жылғы 1 шілдедегі Жоба шеңберіндегі сатып алу жоспарын білдіреді;

(р) "Жобалық жол" осы Қарыз туралы келісімнің 1-қосымшасының 2 (а) тармақшасында сипатталғандай автомобиль жолының участесін білдіреді;

(q) "Корғау шараларының мониторингі жөніндегі есеп" кез келген түзету және алдын алу іс-қимылдарын қоса алғанда, онда ҚОБЖ мен ЖСҚЖ-ны іске асыру нәтижелері мен олардың сәйкестігін сипаттайтын, Қарыз алушы дайындаған және АДБ-ға ИДМ арқылы ұсынған әрбір есепті білдіреді;

(r) "ҚШС" АДБ-ның Корғау шаралары жөніндегі саясатын (2009 жылғы) білдіреді;

(s) "ҚУҚОБЖ" нақты құрылыш участесі бойынша ҚОБЖ жоспарын білдіреді; және

(t) "Жұмыстар" бұрғылау жұмыстары немесе топографиялық түсірілім сияқты көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ Жобаға қатысы бар бірыңғай міндеттеменің бір бөлігі ретінде көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын құрылышты және құрылыш-монтаждау жұмыстарын білдіреді, консультациялық көрсетілетін қызметтер бұған кірмейді.

II БАП Қарыз

2.01-бөлім. (а) АДБ Қарыз алушыға АДБ-ның жай капиталды ресурстарынан \$ 240 300 000 (екі жүз қырық миллион үш жүз мың АҚШ доллары) сомасында қарыз беруге келіседі, әрі бұл сома осы Қарыз туралы келісімнің 2.06-бөлімінің ережелеріне сәйкес Айырбастау шеңберінде кезең сайын айырбасталып отыруы мүмкін.

(б) Қарыз 18 жылға негізгі өтеу кезеңін және осы Бөлімнің (с) тармағында айқындалған женілдік кезеңін болжайды.

(с) Жоғарыдағы (б) тармағында пайдаланылатын "женілдік кезеңі" деген анықтама осы Қарыз туралы келісімнің 2-қосымшасында жазылған өтеу кестесіне сәйкес Қарыздың негізгі сомасын өтеу төлемінің бірінші күнінің алдындағы кезеңді білдіреді.

2.02-бөлім. Қарыз алушы АДБ-ға талап етілген және өтелмеген қарыздың негізгі сомасына:

(а) ЛИБОР;

(б) Қарыз беру қағидаларының 3.03-бөліміне сәйкес 0,10 % шегере отырып, Қарыз беру қағидаларының 3.02-бөліміне сәйкес жылына 0,60 %; және

(с) Қарыз беру қағидаларының 3.03-бөліміне сәйкес өтеу мерзімі үшін 0,10 % сыйлықақы сомасына тең әрбір пайыздық кезең мөлшерлемесі бойынша кезең сайын пайыздар төлейді.

2.03-бөлім. Қарыз алушы резервке қойғаны үшін жыл сайын 0,15 % сомасында комиссия төлейді. Бұл комиссия осы Қарыз туралы келісімге қол қойылған күннен кейін 60 (алпыс) күн өткен кезден бастап қарыздың толық сомасына (кезең сайын алынатын соманы шегергенде) есептеледі.

2.04-бөлім. Қарыз бойынша пайыздар мен басқа да төлемдер жарты жылда бір рет әрбір жылдың 15 қарашасы мен 15 мамырында төленуге тиіс.

2.05-бөлім. Қарыз алушы осы Қарыз туралы келісімнің 2-қосымшасының ережелеріне сәйкес Қарыз шотынан талап етілген Қарыздың негізгі сомасын төлейді.

2.06-бөлім. (а) Қарыз алушы борыштың ұтымды реттелуін қамтамасыз ету мақсатында кез келген уақытта қарыздың төмендегідей кез келген айырбасталуын:

(i) Қарыз валютасының бекітілген валютаға, талап етілген және өтелмеген, сол сияқты талап етілмеген Қарыздың барлық негізгі сомасын немесе оның кез келген бөлігін өзгертуді;

(ii) Қарыздың толық немесе ішінара талап етілген және өтелмеген негізгі сомасына қолданылатын базалық пайыздық мөлшерлемені құбылмалы пайыздық мөлшерлемеден тіркелген мөлшерлемеге және керісінше өзгертуді; және

(iii) Қарыздың талап етілген және өтелмеген барлық негізгі сомасына, сол сияқты оның кез келген бөлігіне де қолданылатын құбылмалы пайыздық мөлшерлемеге көрсетілген құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің тіркелген ең жоғарғы деңгейін не тіркелген ең төменгі және ең жоғарғы деңгейлерін белгілеу арқылы лимиттер белгілеуді сұратуға құқылы.

(b) Осы бөлімнің (а) тармағына сәйкес, АДБ макұлдаған айырбастау туралы кез келген сұрау салуды Қарыз беру қағидаларының 2.01(6) бөлігіндегі анықтама бойынша "Айырбастау" деп және ол Қарыз беру қағидаларының V бабының және Айырбастау жөніндегі нұсқаманың ережелеріне сәйкес күшіне енеді деп есептеген жөн.

III БАП Қарыз қаражатын пайдалану

3.01-бөлім. Қарыз алушы Жоба бойынша шығындарды қаржыландыруға арналған Қарыз қаражатын осы Қарыз туралы келісімнің ережелеріне сәйкес пайдалануды қамтамасыз етеді.

3.02-бөлім. Барлық қарыз қаражаты осы Қарыз туралы келісімнің 3-қосымшасының ережелеріне сәйкес бөлінуге және алынуға тиіс, бұл ретте осы Қосымшаны Қарыз алушы мен АДБ арасындағы келісім бойынша кезең сайын өзгертіп отыруға жол беріледі.

3.03-бөлім. Егер АДБ өзгеше келіспесе, Қарыз алушы осы Қарыз туралы келісімнің 4-қосымшасында қолданылатын ережелерге сәйкес Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын шығыстардың барлық баптарындағы сатып алуды жүргізеді немесе оның жүргізілуін ұйымдастырады. АДБ мұндай баптардың барлығында Қарыз беруші мен АДБ ескерген рәсімдер шенберінде айтарлықтай дәрежеде сатып алынбаған не келісімшарттың мерзімдері мен шарттары АДБ-ның талаптарын қанағаттандырмайтын жағдайда, келісімшартты қаржыландырудан бас тартуға құқылы.

3.04-бөлім. Егер АДБ өзгеше келіспесе, Қарыз алушы қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын шығыстардың барлық баптары Жобаны орындау мақсатында ғана пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

3.05-бөлім. Қарыз беру қағидаларының 9.02-бөлімінде жазылған мақсаттар үшін қарыз шотынан қаражатты алу үшін 2021 жылғы 31 желтоқсан не Қарыз алушы мен АДБ арасында кезең-кезеңмен келісілуі мүмкін осындай басқа күн жабу күні болып есептеледі.

IV БАП Ерекше жағдайлар

4.01-бөлім. (а) Қарыз алушы Жобаның орындалуын тиісті жауапкершілікпен әрі тиімділікпен және ұтымды техникалық, қаржылық, экономикалық, іскерлік практикаға және даму практикасына сәйкес қамтамасыз етеді.

(б) Жобаны іске асыру және Жобалау объектілерін пайдалану процесінде Қарыз алушы осы Қарыз туралы келісімнің 5-қосымшасында жазылған барлық міндеттемелерді орындауды не олардың орындалуын қамтамасыз етеді.

4.02-бөлім. Қарыз алушы Жобаны орындау үшін, Жобалау объектілерін пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету үшін қажетті қарыз қаражатына қосымша құралдарды, объектілерді, көрсетілетін қызметтерді, жер участкерлерін және өзге де ресурстарды қажет болуына қарай уақтылы қамтамасыз етеді.

4.03-бөлім. (а) Қарыз алушы Жобаны іске асыру процесінде АДБ үшін қолайлы, Қарыз алушы мен АДБ-ның талаптарына сай келетін дәрежеде, мерзімдер мен шарттарда құзыретті және білікті консультанттар мен мердігерлерді жалдауды қамтамасыз етеді.

(б) Қарыз алушы Жобаны Қарыз алушы мен АДБ үшін қолайлы жоспарларға, жобалық шешімдерге, ерекшеліктеріне, жұмыс кестелеріне және құрылымдық әдістеріне сәйкес іске асыруды қамтамасыз етеді. Қарыз алушы осы жоспарларды, жобалық шешімдерді, ерекшеліктері мен жұмыс кестелерін, сондай-ақ көрсетілген құжаттарға АДБ негізді түрде талап ететін егжей-тегжейлі дәрежесіне қарай кейіннен жасалған кез келген елеулі өзгерістерді олар дайындалғаннан кейін дереу береді не олардың берілуін қамтамасыз етеді.

4.04-бөлім. Қарыз алушы ИДМ арқылы Жобаны іске асыруға және Жобалық объектілерді пайдалануға қатысты өз құрылымдық бөлімшелері мен ұйымдарының барлық іс-әрекеттерінің ұтымды әкімшілік әдістерге және рәсімдерге сәйкес жүргізуін және үйлестіруін қамтамасыз етеді.

4.05-бөлім. (а) Қарыз алушы ИДМ арқылы (i) Жоба үшін жекелеген шоттар мен есептіліктер жүргізуін; (ii) жоба бойынша жылдық қаржылық есептіліктің АДБ үшін қолайлы қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалуын; (iii) біліктілігі, жұмыс тәжірибесі мен құзыретінің саласы аудиттің халықаралық стандарттарына

немесе АДБ-ға қолайлы ұлттық стандарттарға сәйкес АДБ-ның талаптарына сай келетін тәуелсіз аудиторлардың қаржылық есептілігінің жыл сайынғы аудитін жүргізуі; (iv) әрбір осындай аудит шенберінде аудиторлар есеп (оның ішінде қарыз қаражатын пайдалану туралы аудиторлық қорытындыны) және басшылыққа (егер тексеру барысында жобаларға ішкі бақылауда кемшіліктер анықталған болса, ондай кемшіліктер баяндалатын) хат өзірлеуге тиіс; және (v) әрбір тиісті қаржылық жыл аяқталған кезден бастап алты ай өткеннен кейінгі мерзімнен кешіктірмей аудиттен өткен қаржылық есептердің көшірмелерін, аудиторлардың есебін және басшылыққа ағылшын тілінде хатты беруді; сондай-ақ АДБ-ның мерзімді негізделген талабы бойынша осы құжаттарға және аудитке қатысы бар басқа да ақпаратты АДБ-ға беруді қамтамасыз етеді.

(b) АДБ жоба бойынша аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті және қаржылық есептілік туралы аудитордың қорытындысын олардың қолайлылығы туралы АДБ тарапынан расталған күннен бастап 14 күн ішінде оларды АДБ-ның веб-сайтында жариялай отырып, ашуға міндеттенеді.

(c) Қарыз алушы АДБ-ның талап етуі бойынша, Қарыз алушының Жоба үшін қаржылық есептерін және оның Жобаға қатысы бар қаржылық істерін жоғарыда келтірілген (a) (iii) тармағына сәйкес тағайындалған аудиторлармен бірге талқылау құқығын АДБ-ға береді және егер Қарыз алушы өзгеше келіспесе, кез келген осындай талқылау Қарыз алушының уәкілетті өкілінің қатысуымен ғана өткізілу шартымен, АДБ-ның сұрау салуы бойынша, аудиторлардың кез келген өкіліне осындай талқылауға қатысуға өкілеттік береді және соны талап етеді.

4.06-бөлім. Қарыз алушы АДБ-ның өкілдеріне Жобаны, тауарлар мен жұмыстарды, сондай-ақ кез келген тиісті жазбалар мен құжаттарды инспекциялауга мүмкіндік береді

4.07-бөлім. Қарыз алушы барлық Жобалау объектілерінің ұтымды техникалық, қаржылық және іскерлік практикаларына, даму практикаларына, сондай-ақ жолдарды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету рәсімдеріне сәйкес пайдаланылуын, қызмет көрсетілуін және жөнделуін қамтамасыз етеді.

V БАП Құшіне енуі

5.01-бөлім. Осы Қарыз туралы келісімге қол қойылған күннен соң тоқсан (90) күн өткеннен кейінгі күн Қарыз беру қағидаларының 10.04-бөлімінде жазылған мақсаттар үшін Қарыз туралы келісімнің күшіне ену күні болып көрсетіледі.

VI БАП Өзге де ережелер

6.01-бөлім. Қарыз алушының Қаржы министрі Қарыз беру қағидаларының 12.02-бөлімінде жазылған мақсаттар үшін Қарыз алушының өкілі ретінде әрекет етеді.

6.02-бөлім. Төмендегі деректемелер Қарыз беру қағидаларының 12.01-бөлімінде жазылған мақсаттар үшін көрсетіліп отыр:

Қарыз алушы

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Астана, 010000

Женіс даңғылы, 11

Факс:

(+7 7172) 71-71-05

АДБ

Филиппин

Азия Даму Банкі

АДБ даңғылы, 6

Мандален қ.

Манила Метросы 1550

Факс:

(632) 636-2444

(632) 636-2428.

ЖОГАРЫДА БАЯНДАЛҒАНДЫ РАСТАУ үшін осы Келісімнің тараптары өздерінің уәкілетті өкілдері арқылы осы Қарыз туралы келісімге тиісті қолдардың қойылуын және оны АДБ-ның штаб-пәтеріне жоғарыда көрсетілген күн мен жылда жеткізууді қамтамасыз етті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

[Уәкілетті өкіл]

АЗИЯ ДАМУ БАНКІ

[Уәкілетті өкіл]

1-ҚОСЫМША Жобаның сипаттамасы

1. Жобаның мақсаты – автомобиль жолдарының республикалық желісінің пайдалану сипаттамаларын жақсарту, транзиттік әлеуетін арттыру және атап айтқанда, Қарыз алушының Батыс өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту.

2. Жоба өзіне:

(а) автомобиль жолдарына қызмет көрсету бойынша техника және жабдық беруді және жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша шараларды қамтамасыз етуді қоса алғанда,

Ақтөбе және Мақат елді мекендерінің арасындағы екі жолақты автомобиль жолының ұзындығы шамамен 299 километр (156 км – 500 км) автомобиль жолының участкесін реконструкциялау;

(b) жобаны басқару, құрылышты қадағалау және көлік жүйесінің жұмысын жақсарту бойынша көрсетілетін қызметтерді қамтиды.

3. Жоба 2021 жылғы 30 маусымда аяқталады деп күтілуде.

2-ҚОСЫМША Қарызды өтеу кестесі (ОАӘӘІ 1 және 6-дәліздерін қосатын "Ақтөбе – Мақат" автомобиль жолын реконструкциялау жөніндегі жоба)

1. Төмендегі кестеде қарыздың негізгі сомасын төлеу күндері және қарыздың негізгі сомасын әрбір төлеу күніндегі төленуге тиіс қарыздың жалпы негізгі сомасының пайызы көрсетілген (кезекті жарна). Егер қарыз қаражаты Қарыздың негізгі сомасын өтеу төлемінің бірінші күнінде толық көлемде алынған болса, онда қарыздың негізгі сомасын төлеудің әрбір күніне Қарыз алушы өтеуге тиісті Қарыздың негізгі сомасын АДБ: (а) негізгі Қарызды өтеуге төлемнің бірінші күнінде талап етілген және өтелмеген Қарыздың жалпы негізгі сомасына; (б) негізгі қарызды өтеуге төлемнің әрбір күні үшін Кезекті жарнасына көбейту арқылы айқындалады, мұндай өтеу сомасы валютаны айырбастау қолданылатын осы Қосымшаның 4-тармағында сипатталған кез келген сомаларды шегеру қажеттілігі бойынша өзгертілетін болады.

Төлем күні

Кезекті жарна

(%-ға шаққанда)

2022 жылғы 15 мамыр	2.777778
2022 жылғы 15 қараша	2.777778
2023 жылғы 15 мамыр	2.777778
2023 жылғы 15 қараша	2.777778
2024 жылғы 15 мамыр	2.777778
2024 жылғы 15 қараша	2.777778
2025 жылғы 15 мамыр	2.777778
2025 жылғы 15 қараша	2.777778
2026 жылғы 15 мамыр	2.777778
2026 жылғы 15 қараша	2.777778
2027 жылғы 15 мамыр	2.777778
2027 жылғы 15 қараша	2.777778
2028 жылғы 15 мамыр	2.777778
2028 жылғы 15 қараша	2.777778
2029 жылғы 15 мамыр	2.777778
2029 жылғы 15 қараша	2.777778
2030 жылғы 15 мамыр	2.777778

2030 жылғы 15 қараша	2.777778
2031 жылғы 15 мамыр	2.777778
2031 жылғы 15 қараша	2.777778
2032 жылғы 15 мамыр	2.777778
2032 жылғы 15 қараша	2.777778
2033 жылғы 15 мамыр	2.777778
2033 жылғы 15 қараша	2.777778
2034 жылғы 15 мамыр	2.777778
2034 жылғы 15 қараша	2.777778
2035 жылғы 15 мамыр	2.777778
2035 жылғы 15 қараша	2.777778
2036 жылғы 15 мамыр	2.777778
2036 жылғы 15 қараша	2.777778
2037 жылғы 15 мамыр	2.777778
2037 жылғы 15 қараша	2.777778
2038 жылғы 15 мамыр	2.777778
2038 жылғы 15 қараша	2.777778
2039 жылғы 15 мамыр	2.777778
2039 жылғы 15 қараша	2.777770

Жиыны 100.000000

2. Егер қарыз қаражаты негізгі қарызды өтеу үшін төлемнің бірінші күнінде толық көлемде талап етілмеген болса, негізгі қарызды өтеу үшін төлемнің әрбір күніне қарыздың Қарыз алушы төлеуге тиіс негізгі сомасы мынадай түрде айқындалады:

(а) Қарыз алушы негізгі қарызды өтеу үшін төлемнің бірінші күнінде қарыздың кез келген қаражаты талап етілуге тиіс дәрежеде осы Қосымшаның 1-тармағына сәйкес осы күні талап етілген және өтелмеген соманы төлейді.

(б) Негізгі қарызды өтеу үшін төлемнің бірінші күнінен кейін жүргізілген кез келген қаражат алу негізгі қарызды (бастапқы кезекті жарнаны) өтеуге жоғарыда аталған төлем күні үшін әрбір алу сомасын, алымы осы Қосымшаның 1-тармағындағы кестеде көрсетілген бастапқы кезекті жарнаны құрайтын бөлшекке көбейту жолымен АДБ айқындаған сомаларда осы алу күнінен кейін түсетін негізгі қарызды өтеу төлемнің әрбір күнінде өтелуге тиіс және бөлгіші осы күні және одан кейін түсетін негізгі қарызды өтеу үшін төлемдер күндері үшін барлық қалған бастапқы кезекті жарналардың сомасын құрайды, осы төлем сомалары, валютаны Айырбастау қолданылатын осы Қосымшаның 4-тармағында көрсетілген сомаларды шегеру үшін қажет болған кезде өзгеретін болады.

3. Негізгі Қарызды өтеу үшін кез келген негізгі өтеу күндері төленуге тиіс, төлем күндерінің кез келгеніне дейінгі күнтізбелік екі айдың ішінде тек қана негізгі соманы есептеу мақсатында жүргізілген қаражат алушарды қаражат алынған күннен кейінгі

негізгі Қарызды өтеу үшін төленетін төлемнің екінші күні талап етілген және өтелмеген деп есептеген жөн және қаражат алынған күннен кейінгі екінші күннен бастап осы сома негізгі Қарызды өтеу үшін төлем төленетін әрбір күніне төленуге тиіс.

4. Осы Қосымшаның 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, валюталар толық көлемде немесе ішінара талап етілген қарыздың негізгі сомасының қаражаты бекітілген валютаға Айырбасталған кезде Айырбастау кезеңі ішінде негізгі соманы кез келген өтеу қунінде өтелуге тиіс жоғарыда аталған бекітілген валютаға айырбасталған қаражат сомасын АДБ тікелей жоғарыда аталған Айырбастау алдында ірілендірілген валютадағы бұл соманы не: (i) жоғарыда аталған Айырбастауға жататын валюталық хеджирлеу транзакциясы шенберінде АДБ-ға төленуге тиіс, көрсетілген бекітілген валютада көрініс табатын негізгі соманы валюта айырбастау бағамына; не (ii) Айырбастау жөніндегі нұсқамаға сәйкес АДБ-ның шешімі бойынша белгіленген мөлшерлеме валюталар айырбастау бағамының құрамдасына көбейту жолымен айқындалады.

5. Егер талап етілген және өтелмеген Қарыздың негізгі сомасы Қарыздың бірден артық валютасында кезең сайын номиналданса, осы Қосымшаның ережелері осы сомалардың әрқайсысы үшін жеке өтеу кестесін әзірлеу мақсатында Қарыздың әрбір валютасына номиналданған сомаларға жеке қолданылуға тиіс.

3-ҚОСЫМША Қарыз қаражатын бөлу және алу Жалпы ережелер

1. Осы Қосымшадағы кестеде (бұдан әрі "Кесте" деп аталады) қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын Шығыс баптарының санаттары, сондай-ақ әрбір осындай Санат үшін қарыз сомасын бөлу баяндалады. (Осы Қосымшада "Санат" деген ұғым Кестенің Санатына жатады).

Қарыз шотынан қаражат алу үшін негіздеме

2. Егер АДБ-мен өзгеше келісілмесе, шығыс баптарының әрқайсысы Кестеде көрсетілген пайыздық мәндер негізінде қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады.

Қайта бөлу

3. Кестеде көрсетілген қарыз қаражатын және қаражатты алу пайызын бөлуге қарамастан,

(а) егер кез келген санат үшін бөлінген қарыз сомасы осы Санаттың келісілген барлық шығыстарын қаржыландыру үшін жеткіліксіз болып табылса, АДБ Қарыз алушыға хабарлау жолымен, (i) басқа Санат үшін бөлінген, бірақ АДБ пікірі бойынша басқа шығыстарды қаржыландыруға керек емес қаражат есебінен қаражат

тапшылығының орнын толтыру үшін қажетті деңгейде осы Санат үшін қаражатты қайта бөлуге құқылы, сондай-ақ (ii) егер бұл қайта бөлу есептелген тапшылықтың орнын толығымен толтыра алмаса, осы Санат үшін бұдан кейінгі алулар барлық шығыстар өтелгенге дейін осы шығыстар үшін қаражатты алу пайызын азайтуға; және

(b) егер қандай да бір Санатқа бөлінген қарыздың сомасы осы Санаттағы барлық келісілген шығыстардан асып түссе, АДБ Қарыз алушыға хабарлау жолымен артық соманы қандай да бір басқа Санаттың пайдасына қайта бөлуге құқылы.

Қарызды төлеу рәсімі

4. Егер АДБ-мен өзгеше келісілмесе, Қарыз қаражаты АДБ-ның Қарыз қаражатын төлеу жөніндегі анықтамалығына сәйкес төленуге жатады.

3-қосымшаға толықтыру КЕСТЕ

ҚАРЫЗ		ҚАРАЖАТЫН	БӨЛҮ	ЖӘНЕ	АЛУ
(ОАӘДЫ 1 және 6-дәліздерін қосатын "Ақтөбе – Мақат" автомобиль жолын реконструкциялау жөніндегі жоба)					
Саны	Тармак	Қаржыландыру үшін АДБ бөлген қаражаттың жалпы сомасы АҚШ долл. Санаты		Қарыз шотынан қаражатты талап ету үшін негіздеме	
1	Күріліс жұмыстары мен тауарлар (техника және жабдықтар)	218, 330,000		Шығыстардың жалпы көлемінен 100 %*	
2	Консалтингтік көрсетілетін қызметтер	13,430,000		Шығыстардың жалпы көлемінен 100 %*	
3	Бөлінбegen	8,540,000			
Барлығы		240,300,000			

* Қарыз алушының аумағында алынатын қосылған құн салығын қоспағанда.

4-ҚОСЫМША Тауарларды, жұмыстар мен консалтингтік көрсетілетін қызметтерді сатып алу Жалпы ережелер

1. Тауарларды, Жұмыстар мен консалтингтік көрсетілетін қызметтерді сатып алу Сатып алу жөніндегі нұсқамаға және Консультанттарды тарту жөніндегі нұсқамаға сәйкес тиісінше орындалуға және бақылауға жатады.

2. Егер АДБ-мен өзгеше келісілмесе, сатып алу әдісі мен бұдан әрі көрсетілген іріктеу әдісі негізінде тауарлар мен жұмыстар сатып алынады және көрсетілетін консультациялық қызметтер іріктеледі және тартылады. Осындай әдістер, қалған басқаларына қарағанда, Сатып алу жоспарында көрсетілген егжей-тегжейлі уағдаластықтар мен шекті мәндердің нысанасы болып табылады. Қарыз алушы ИДМ

арқылы АДБ-мен алдын ала келіскең жағдайда ғана сатып алу рәсімін және іріктеу әдістерін түрлендіруге құқылы, бұл ретте барлық өзгерістер Сатып алу жоспарының толықтыруларында көрсетілуге тиіс.

Тауарлар және Жұмыстар

3. Тауарлар және Жұмыстар АДБ тиімді ең аз түзетулері бар Халықаралық Инженерлер Консультанттар Федерациясы (ФИДИК 2010 жылғы ХЕБ-ға арналған нұсқа) дайындаған келісімшарт талаптарын қамтитын АДБ шыгарған стандартты конкурстық құжаттаманы пайдалана отырып, халықаралық конкурстық сауда-саттықтар негізінде сатып алынатын болады.

Келісімшартты беру жөніндегі шарттар

4. (a) Қарыз алушы ИДМ арқылы:

- (i) аяқталған АЭБ-ны Қарыз алушының тиісті органдары мақұлдамайынша; және
 - (ii) Қарыз алушы жұмыстарға арналған келісімшарттарға ҚОБЖ-ның тиісті ережелерін енгізбейінше, қоршаған ортаға әсерін тигізетін жұмыстарға келісімшарттар бермеуге тиіс.
- (b) Қарыз алушы ИДМ арқылы жұмыс жобасы негізінде түпкілікті ЖСҚЖ-ны дайындағанға және оны АДБ-ға ұсынғанға дейін және осындай ЖСҚЖ-ға АДБ-ның мақұлдауын алғанша, Қарыз алушы мәжбүрлеп қоныс аударуды қамтитын жұмыстарға келісімшарттар жасаспауға тиіс.

Консалтингтік көрсетілетін қызметтер

5. Егер АДБ өзгеше көрсетпесе, Қарыз алушы ИДМ арқылы консалтингтік көрсетілетін қызметтерді іріктеу және тарту кезінде Сапа мен Бағаның арақатынасы Негізінде Іріктеу Әдісін пайдаланатын болады.

Өнеркәсіптік немесе зияткерлік меншікке құқықтар

6. (a) Қарыз алушы ИДМ арқылы сатып алынған Жұмыстардың (не жеке не басқа тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құрамында сатып алынған барлық компьютерлік аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етулерді, компьютерлік жүйелерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) үшінші тұлғалардың өнеркәсіптік немесе зияткерлік меншікке кез келген құқығын бұзбауын немесе оған қысымшылық жасамауын қамтамасыз етеді;

(b) Қарыз алушы ИДМ арқылы Жұмыстарды сатып алу жөніндегі барлық келісімшарттардың барлығында тиісті ұсынымдардың, кепілдіктердің және егер қажет болса, осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген жағдайларға қатысты мердігердің

немесе өнім берушінің тарапынан залалды өтеу кепілдіктерінің қамтылуын қамтамасыз етеді.

7. Қарыз алушы ИДМ арқылы консультанттармен АДБ қаржыландыратын келісімшарттардың барлығында тиісті растаулардың, кепілдіктердің және егер қажет болса, консультанттардың тарапынан залалды өтеу кепілдіктерінің қамтылуын қамтамасыз етеді, бұл ретте ұсынылатын консалтингтік көрсетілетін қызметтердің үшінші тұлғалардың өнеркәсіптік немесе зияткерлік меншікке құқықтарын немесе талаптарын бұзбайтынына немесе оларға қысымшылық жасамайтынына көз жеткізу қажет.

АДБ-ның сатып алу туралы шешімдерді қарауы

8. Егер ИДМ арқылы Қарыз алушы және АДБ арасында өзгеше ескерілмесе және Сатып алу жоспарында көрсетілмесе, халықаралық конкурстық рәсімдерге сәйкес сатып алынатын барлық келісімшарттар және консалтингтік көрсетілетін қызметтер жөніндегі келісімшарттар АДБ-ның алдын ала қарауына жатады.

9. АДБ-мен алдын ала келісудің нысанасы болып табылатын Тауарларға немесе Жұмыстарға арналған келісімшарт болған жағдайда Қарыз алушы ИДМ арқылы мыналарды:

(а) келісімшарттың аяқталуы көрсетілген мерзімнен 1 айға немесе одан да көп кезеңге ұзартып беруді не Қарызды жабу күнін ұзартуды талап етілуі мүмкін болатын, және

(б) жалпы бастапқы бағаны 5%-дан артық ұлғайтуды (түсінікті болу үшін, мұндай ұлғаю бұдан бұрын осы келісімшартта жасалған кез келген өзгерістерді ескеруге тиіс) қоса алғанда, келісімшарттың талаптары мен ережелерін кез келген өзгертулерге немесе олардан ауытқуларға АДБ-ның алдын ала келісуін сұратуға тиіс.

10. АДБ-ның қарау нысанасы болып табылатын Тауарларға немесе Жұмыстарға арналған келісімшарт болған жағдайда, келісімшарт жасалғаннан кейін АДБ келісімшарттағы қажетті өзгерістерді немесе ауытқуларды қарайды және белгіленген мерзімде, бірақ қажетті құжаттаманы алғаннан кейін 1 айдан кешіктірмей Қарыз алушыға жауап береді.

11. Қарыз алушы ИДМ арқылы келісімшарт бойынша ұзарту, өзгерістер немесе ауытқулар (келісімшарттарды өзгертуге рұқсаттарды қоса алғанда) туралы барлық құжаттардың көшірмелерін АДБ-ға келісімшартқа өзгерістер енгізілгеннен кейін 1 айдың ішінде береді.

5-ҚОСЫМША Жобаны орындау; Қаржылық мәселелер Іске асыру тәртібі

1. Қарыз алушы ИДМ арқылы Жобаның ТӘН-де мазмұндалған белгілі бір іс-шараларға сәйкес іске асырылуын қамтамасыз етеді. ТӘН-дегі кейінгі кез келген

өзгерістер ИДМ арқылы Қарыз алушы мен АДБ мұндағы өзгерістерді бекіткенінен кейін ғана күшіне енеді. ТӘН мен осы Қарыз туралы келісім арасындағы кез келген сәйкесіздіктер болған жағдайда осы Қарыз туралы келісімнің ережелері басымдық күшке ие болады.

Қоса қаржыландыру

2. Қарыз алушы осы Қарыз туралы келісімнің 4.02-бөлімінің жалпы мағынасын шектеместен, ИДМ үшін жыл сайын бөлінетін бюджет қаражаты түрінде жобаны уақтылы және тиімді орындау үшін қажетті бірлесіп қаржыландырудың барлық қаражатына қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндеттенеді және қажетті ресурстардың ИДМ-ге уақтылы берілетініне көз жеткізуге міндеттенеді. Қарыз алушы ИДМ жобаны іске асыру үшін қаржыландыру бойынша барлық өзгертілген қажеттілікті өзінің жыл сайынғы даму бағдарламаларына енгізетініне көз жеткізуге міндеттенеді.

Құрылыштың сапасы

3. Қарыз алушы ИДМ арқылы Жобаның қолданылатын техникалық ерекшеліктер мен жоспарларға сәйкес орындалуын және құрылышты қадағалаудың, сапаны бақылаудың және Жобаны басқарудың қолданылатын стандарттарға және үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Пайдалану және қызмет көрсету

4. Қарыз алушы қажеттілігіне қарай реконструкциялау аяқталғаннан кейін және одан әрі әрбір қаржы жылшының ішінде Жобалық жолды тиісінше пайдалану және күтіп ұстау үшін жеткілікті қаржы қаражатын бюджеттен бөледі және дереу ИДМ-ге ұсынады, сондай-ақ ұтымды практикаға сәйкес Жобалық автомобиль жолшының пайдаланылуын және оған техникалық қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Жол қауіпсіздігі

5. Қарыз алушы ИДМ арқылы (а) жұмыстарды орындауға арналған барлық келісімшарттарда мердігердің жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шараларды сактау міндеттемесінің қамтылуын қамтамасыз етеді; және (б) жол жобасын пайдалану барысында жол оқиғаларының жиілігі мен жүру қарқынының мониторингін жүргізеді.

Жобаны басқару жөніндегі консультант

6. Қарыз алушы ИДМ арқылы осы Келісім күшіне енген күннен бастап 30 күннен кешіктірмей (а) ИДМ "ҚазАвтоЖол ҰК" АҚ-мен (ҚАЖ) АДБ үшін қолайлы және

Қарыз алушының заңнамасы шеңберінде қолданылатын техникалық тапсырмаға сәйкес жобаны басқару жөніндегі консультант қызметін көрсету үшін қызмет көрсету шартын жасасуын; және (б) Жобаны іске асыру бойында ҚАЖ-да толығымен жинақталған штат болуын қамтамасыз етеді.

Коршаған орта

7. Қарыз алушы ИДМ арқылы Жобаны және жобаның барлық объектілерін дайындаудың, жобалаудың, салудың, іске асырудың, пайдалану мен пайдаланудан шығарудың: (а) коршаған ортаны қорғау, деңсаулықпен қауіпсіздік саласындағы қолданылатын барлық заңдар мен Қарыз алушының қагидаларына, (б) Коршаған орта саласындағы қорғау шараларына; және (с) АЭБ-да, ҚОБЖ-да жазылған барлық шаралар мен талаптарға, сондай-ақ Қорғау шараларының мониторингі жөніндегі есепте жазылған кез келген түзету немесе профилактикалық іс-қимылдарға сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

Жерлер сатып алу және мәжбүрлеп қоныс аудару

8. Қарыз алушы жергілікті уәкілетті органдар мен ИДМ арқылы Жоба мен жобалық объектілер үшін қажетті барлық жер участеклері мен бөлінетін жолақтар жұмыстарға арналған тиісті келісімшарттағы келісілген кестеге сәйкес келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қолжетімді болуын және барлық сатып алған жерлер мен қоныс аудару жөніндегі іс-шаралардың (а) жер сатып алушмен және мәжбүрлеп қоныс аударумен байланысты Қарыз алушының барлық қолданыстағы заңдары мен нормативтік актілеріне, (б) мәжбүрлеп қоныс аудару саласындағы саясатқа және (с) ЖСҚЖ-да жазылған барлық шаралар мен талаптарға, сондай-ақ қорғау шараларының мониторингі жөніндегі есептерде жазылған кез келген түзету немесе алдын алу шараларына сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

9. Мәжбүрлеп қоныс аудару саласындағы саясаттың немесе ЖСҚЖ-ның қолданылуын шектемей Қарыз алушы ИДМ арқылы:

(а) өтемақылар немесе басқа ЖСҚЖ-ға сәйкес төлемдер зардап шеккен адамдарға төленбегенше; сондай-ақ

(б) ЖСҚЖ-ға сәйкес табыс пен тіршілік әрекетін қалпына келтіру жөніндегі кешенді бағдарлама әзірленбегенше, Жобаға байланысты не жан басының не экономикалық қоныс аударудың орын алмауын қамтамасыз етеді.

Қорғау шараларын іске асыру үшін адам және қаржы ресурстары

10. Қарыз алушы ИДМ арқылы ҚОБЖ мен ЖСҚЖ-ны толығымен жүзеге асыру үшін қажетті бюджет және адам ресурстарының болуын қамтамасыз етеді.

Жұмыстарды орындауға арналған тендерлік құжаттама мен келісімшарттардағы қорғау шараларына қатысты ережелер

11. Қарыз алушы ИДМ арқылы Жұмыстарды орындауға арналған барлық тендерлік құжаттама мен келісімшарттарда мердігерлерден:

(а) АЭБ, ҚОБЖ мен ЖСҚЖ-да жазылған, мердігерге (олардың құрылыш уақытында зардап шеккендерге әсеріне қатысты дәрежеде) қатысы бар шараларды, сондай-ақ Қорғау шараларының мониторингі жөніндегі есепте жазылған кез келген түзету немесе профилактикалық іс-қимылдарды сақтауды;

(б) ҚОБЖ-ны дайындауды және Жұмыстар участкесін иелікке алғанға дейін кемінде 10 күн бұрын ИДМ-нің бекітуіне ұсынуды;

(с) экологиялық және әлеуметтік қорғаудың барлық шараларына бюджет қаражатының болуын қамтамасыз етуді;

(d) Қарыз алушыға ИДМ арқылы Жобаның құрылышын салу, іске асыру немесе пайдалану барысында туындастын, АЭБ-да, ҚОБЖ-да және ЖСҚЖ-да ескерілмеген, қоршаған орта, қоныс аудару немесе жергілікті халық мәселелеріндегі кез келген күтпеген тәуекелдер немесе салдарлар туралы жазбаша хабарлама беруді;

(e) материалдарды тасымалдау мен құрылыш басталғанға дейін жолдардың, ауыл шаруашылығы жерлерінің және басқа да инфрақұрылым объектілерінің жай-күйін тиісінше есепке алууды жүргізуіді;

(f) құрылыш аяқталғаннан кейін қозғалыс жолақтарын, жергілікті инфрақұрылымның басқа да объектілері мен ауыл шаруашылығы жерлерін, ең болмағанда, олардың жоба басталғанға дейінгі болған қалпына келтіруді талап ететін ережелердің қамтылуын қамтамасыз етеді.

Қорғау шараларының мониторингі мен есептілік

12. Қарыз алушы ИДМ арқылы мыналарды орындаиды:

(а) АДБ-ға Қорғау шараларының мониторингі жөніндегі жартыжылдық есептерді ұсынады және ұсынғаннан кейін дереу жобада мүдделері қозғалған тұлғаларға осындаі есептерден тиісті ақпаратты аштын болады;

(б) егер жобаны салу немесе іске асыру кезінде қандайда бір әлеуметтік тәуекелдер және/немесе қоршаған ортаға қатысты тәуекелдер мен АЭБ-да, ҚОБЖ-да және ЖСҚЖ-да көзделмеген әсерлер туындаса, оқиғаның нақты сипаттамасы мен түзету іс-қимылдарының жоспарын ұсына отырып, мұндай тәуекелдердің немесе әсерлердің туындауды туралы АДБ-ға уақтылы хабарлау қажет;

(с) ҚОБЖ-да немесе ЖСҚЖ-да жазылған шаралар мен талаптардың сақталуын кез келген іс жүзіндегі немесе ықтимал бұзушылықтар туралы мұндай бұзушылық туралы белгілі болғаннан кейін бірден хабарлайды.

Тыйым салынған инвестициялар тізімі

13. Қарыз алушы Қарыздың ешқандай қаражаты ХСЖ-ның 5-қосымшасында көзделген тыйым салынған инвестициялық қызмет тізіміне енгізілген кез келген қызметті қаржыландыруға пайдаланылмауын қамтамасыз етеді.

Еңбекті қорғау, денсаулық сақтау

14. Қарыз алушы ИДМ арқылы Жобаны іске асыру барысында негізгі еңбек нормалары мен тиісті заңдардың және Қарыз алушы қағидаларының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс. Қарыз алушы ИДМ арқылы тендерлік құжаттамаға және Жоба шеңберінде АДБ қаржыландыратын келісімшарттарға басқалардың арасында, мердігерлерге қойылатын мынадай: (а) қолданыстағы еңбек заңнамасы мен Қарыз алушының қағидаларына сәйкес болу және жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша тиісті нормаларды енгізу; (б) балалар енбегін пайдаланбау; (с) жұмыс түрлері мен қызмет саласы бойынша қызметкерді кемсітуге жол бермеу; (д) мәжбүрлі еңбекті пайдаланбау талаптарын қамтитын нақты ережелерді енгізуге тиіс.

15. Қарыз алушы ИДМ-нің жобаны іске асыруға әкеп соқтыруы мүмкін әлеуметтік сипаттағы барлық әсерлерге қатаң мониторингтің жүргізілуін және жоғарыдағы 14-тармақта жазылған талаптардың сақталуын қамтамасыз етуін және АДБ-ға жүйелі түрде есептер беруін қадағалайды.

Гендерлік мәселелер және даму

16. Қарыз алушы ИДМ арқылы Жобалық участкеде Жобаны іске асыру барысында АДБ-ның Гендерлік мәселелер және даму жөніндегі саясатына (1998 жылғы) сәйкес, (а) бірдей жұмысты орындағаны үшін еркектер мен әйелдерге бірдей ақы төлеуді; (б) жұмыс істейтін әйелдер үшін қолайлы еңбек жағдайларын; және (с) Жобалық участкеде тұратын әйелдердің жобалауға және Жобалық іс-шараларды іске асыруға қатысуын көтермелей үшін қажетті шаралар қабылдауды қоса алғанда, Жобаның артықшылықтары мен әйелдерге әсерін арттыруға бағытталған гендерлік теңдік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Заңсыз сауда

17. Қарыз алушы адамдардың, құрып кету қаупі тәнген жабайы табиғат объектілерінің, олардың түрлерінің, сондай-ақ Жобалық автомобиль жолында заңсыз заттардың заңсыз саудасын анықтауды және алдын алуды қамтамасыз етеді.

Басқару және сыйайлас жемқорлыққа қарсы курес

18. Қарыз алушы ИДМ арқылы: (а) АДБ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын (1998 жылғы, уақыттың тиісті кезіндегі өзгерістерімен және толықтыруларымен) ұстануға және тікелей немесе өзінің уәкілетті өкілдері арқылы Жобага қатысты кез келген мәлімделген сыйбайлас жемқорлық, алаяқтық әрекеттер, сөз байласу немесе сөз байласуға мәжбүрлеу жағдайларын зерделеу; және (б) кез келген осындай тексерудің шеңберінде ынтымақтасуға және осындай тексерудің қанағаттанарлықтай аяқталуы үшін бүкіл қажетті көмекті көрсету құқығын АДБ-ның өзіне қалдыруын мойындаитынын міндеттенеді.

19. Қарыз алушы ИДМ арқылы, атқарушы агенттіктер мен іске асыру жөніндегі агенттіктердің, сондай-ақ барлық мердігерлердің, өнім берушілердің, консультанттардың және Жобага қатысы бар өзге де қызмет берушілердің барлық жазбалары мен шоттарына аудит және тексеру жүргізуге АДБ-ның құқығын айқындаитын ережелерді қоса алғанда, барлық тендерлік құжаттар мен келісімшарттарға АДБ үшін қолайлы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі ережелердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Осымен 2016 жылғы 7 желтоқсанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы № 3416-KAZ Қарыз туралы келісімді (Жай операциялар) (OAӨӘІ 1 және 6-дәліздерін қосатын "Ақтөбе – Мақат" автомобиль жолын реконструкциялау жөніндегі жоба) осы аедармасы ағылшын тілдегі мәтініне сәйкес келетінін куәландырамын.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Құжат айналымы департаментінің

Құжаттарды редакциялау

және лингвистикалық саралтау

баскармасы басшысы

Б. Ахметжанова